

**2012 жылы Май ауданында халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы**

Павлодар облысы Май аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 25 мамырдағы N 156/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 11 маусымда N 12-10-128 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес, Май ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға халықтың нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) дәрігерлік-консультативтік комиссияның аңықтамасы бойынша еңбекке шектеулігі бар адамдар;
- 2) 50 жастан асқан адамдар;
- 3) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген адамдар;
- 4) 21 жастан бастап 29 жасқа дейінгі адамдар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Е. Ахамбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Пішенбаев*